ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

03.06.2019г. № КВГА-13

**«Құрылыс-сервис-СК» ЖШС-і
директоры
А.Қ. Жанжігіт**

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті Сіздің 17.05.2019 жылғы № 43678 арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 3140311-1 «Қызылорда қаласының Сырдарияның сол жағалауындағы 40 пәтерлік № 36 тұрғын үйдің құрылысы (бас жоспарсыз және сыртқы инженерлік желілерсіз)» мемлекеттік сатып алулары бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, Сіздің арызда көрсетілген уәждер жартылай расталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидаларының (*ары қарай – Қағидалар*) 155 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия «КАЗкурылыс сервис» ЖШС-ң конкурстық өтінімінің тәжірибесінің болуы үшін 2 пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік беруі тиіс.

Қағидаларының Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның Біліктілігі туралы мәліметтерінің Ескертіннің 3 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Алайда, камералдық бақылау барысында, «СМП-Қызылорда» ЖШС-ң конкурстық өтінімінде айтылған құжаттардың электрондақ көшірмелері салынбағандығы анықталды.

Соған байланысты, Қағидалардың 155 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия заңды түрде «СМП-Қызылорда» ЖШС-ң конкурстық өтініміне тәжірибе үшін шартты жеңілдіктер берілмеген.

Конкурстың қорытынды хаттамаларының шешімдерін Қағида талаптарына сәйкестендіру үшін хабарлама жолданды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (*бұдан әрі – Заң*) 47-бабының 6-тармағына сәйкес қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабында көзделген жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге шағым жасауға құқығыңыздың бар екендігі туралы хабарланады.

Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Төрағаның орынбасары /қол қойылған/ Ш. Шайназарова

Орын. Бөкейханов Ә.
Тел. 71-78-73